

Ауданның кейбір елді мекендерінде карантиндік аймақтың ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 ақпандағы N 72 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 18 наурызда N 14-6-69 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 30 қыркүйектегі N 451 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2009.09.30 N 451 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес және Қазығұрт ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының 05.01.2009 жылғы N 2-8/5 ұсынысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан көлеміндегі Жігірген ауыл округі Айнатас, Қызыл-бұлақ, Тесік төбе елді мекендерінде, Рабат ауыл округінің Атбұлақ елді мекенінде жануарлардың арасында бруцеллез (сарып) ауруының тіркелуіне байланысты карантиндік режим және шектеу іс-шаралары енгізіліп, карантиндік аймақтың ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес карантиндік режим және шектеу іс-шаралары енгізілген аймақта ветеринариялық-санитарлық талаптарының орындалуын қатаң бақылауға алсын.

3. Жігірген, Рабат ауыл округтері әкімдері осы қаулының 1 тармағында көрсетілген елді мекендердің аумақтарын санитарлық тазалауды ұйымдастыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М . М о м ы н о в қ а жүктелсін.

5. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Әжіметов

К Е Л І С І Л Д І

Қазығұрт аудандық аумақтық

*инспекциясының бас мемлекеттік
ветеринариялық инспекторы Шойбеков Абай*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ